

Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖАС КАДРЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Амантаева А.С.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Шолпанқұлова Қ.А.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Karlugash-21.10.80@mail.ru

Кадр саясаты қай кезде де өзекті болып табылады. «Болашақ - бүгіннен басталатынын» ескерсек еліміздің алға қойған стратегиялық мақсат-мүдделерін іске асыратын жастар екені сөзсіз. Қазақстан кеңестік кезеңде одақтас республикалардың бірі ретінде білім беру мен ғылымды дамыту салаларында ұйымдастырылған шаралардан сырт қалмады. Алайда Қазақстан білім мен ғылым саласында дербес саясат ұстана алмағандықтан, ұзақ жылдар бойғы өркениетті елдер тәжірибесіне назар аудармады. Ақпараттық, инновациялық-технологиялық бағыттар назардан тыс қалды. Оқу орындарын, ғылыми-зерттеу институттарын мемлекет өзінің қатаң бақылауында ұстап, идеологиялық ұстанымды үнемі қадағалап отырды. Материалдық-техникалық жабдықтауда айтарлықтай келеңсіздіктер орын алды.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңде республикадағы әлеуметтік-экономикалық жағдай сын көтермейтін еді. Осындай дағдарысты жағдайға қарамастан ел басқаруды қолына алған Президент Н.Ә. Назарбаев білім саласына үлкен көңіл бөлді. Өйткені, елдің өсіп-өркендеуі, өркениетті елдер қатарына қосылуы, оның ұлттық білім деңгейіне тікелей байланысты. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2030» Даму стратегиясында білімді дамытуды ерекше атап өтіп, білім беру жүйесінің 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған даму стратегиясын және білім дамуының кезеңдерін анықтап берді.

Ғылыми-техникалық және экономикалық ілгерілеудің негізгі қозғаушы күші болып табылатын білім – қоғамның жемісті дамуының кепілі болып табылатындықтан, білім беру саласында артта қалушылық мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігіне, ұлттық келешегіне кері әсер етеді. Білім – экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан маңызды, білім – болашаққа салынған сенімді инвестиция көзі. Ал кез келген елдің қарқынды дамуы тек табиғи байлық көздерімен ғана емес, азаматтардың сауаттылығына да тікелей байланысты екені сөзсіз. Қазақстандықтардың үштен бір бөлігін – 30 жасқа толмаған жастар құрайды. Бұл – өзіндік пікірі, мақсаты мен ұстанымы бар, келешектен үміті зор халықтың бір санаты. Оларды жан-жақты азамат етіп қалыптастыру үшін сапалы білім беру қажет. Сапалы білім – тұлғаның ертеңгі күнгі бәсекелестікке төтеп бере алатын жоғары білікті маман болуының негізі. Мемлекеттік саясаттың негізгі ұстанымдарының бірі жеке тұлғаның ерекшеліктері мен әлеуметтік мәртебесіне қарамай, баршаның білімге қол жетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Кез-келген мемлекет экономикасының қарқынды дамуын қамтамасыз ететін жоғары білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлау – негізгі басымды бағыттардың бірі болып табылады. Содан да болса керек, ЮНЕСКО техникалық және кәсіптік білімге баса назар аударса, БҰҰ Декларациясы оны мыңжылдық даму мақсатына жатқызды. Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруді алға қойған Қазақстан да осы бағытта елімізде 2008-2012 жылдарға арналған техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын қабылдап, негізгі міндеттерді айқындады. Елбасы өзінің жыл сайынғы дәстүрлі халыққа Жолдауларында кәсіптік және техникалық білім берудің маңыздылығына ерекше мән беріп, оған басымдық беріп отырады.

Техникалық және кәсіптік білім берудің тиімділігі жоғары ұлттық жүйесін қалыптастыру – ел экономикасының қарқынды дамуының негізгі факторы, жастардың жұмыспен қамтылуына жағдай жасау арқылы Қазақстан қоғамының әлеуметтік

тұрақтылығын сақтау болып табылады. Қазіргі таңда кәсіптік мектептер мен колледждердің әрбір төртінші шәкірті техникалық және ауылшаруашылық мамандықтары бойынша білім алуда [1, 259 б.]. Техникалық және кәсіптік білім беру кәсіптік лицейлерде, училищелерде, колледждерде және жоғары техникалық мектептерде негізгі орта және жалпы орта білім базасында жүзеге асырылады. Сондай-ақ кәсіптік оқыту тікелей өндірісте, оқу-өндірістік комбинаттарында, жұмысшы кадрларды даярлауды жүзеге асыратын оқу орталықтарында, курстарда заңды тұлғалардың оқу-өндірістік құрылымдарында жүзеге асуы мүмкін.

Кәсіптік-техникалық салада іргелі өзгерістер 90-шы жылдардың басында басталды. Осы кезден бастап аталмыш сала жергілікті атқарушы биліктің құзырына беріліп, техникалық және кәсіптік оқу орындарының саны жаппай қысқартылды. Кәсіптік мектептерде оқитындардың саны күрт азайды. Мысалы, 2000 жылдары кәсіптік мектептерде оқитындар саны екі жарым есеге, ал колледждерде екі есеге азайды. Ауылдық жерлердегі жағдай тіптен өршіді. Бірқатар елді мекендерде кәсіптік білім беретін мектептер мен жатақханалар жекеменшікке өтіп кетсе, кейбіреулері жабылып қалды. Бір ғана мысал келтірсек, бұрын 23 кәсіптік-техникалық мектеп болған Жамбыл облысында тек біреу ғана қалды. Орталық үйлестіріші басқару органының назарынан тыс қалған кәсіптік және техникалық мектептер мен колледждер өз күнін өздері көруге мәжбүр болды. Бүгінгі күні сол олқылықтың орнын толтырып, кәсіптік және техникалық білім беру жүйесін жандандыру қолға алынып отыр.

2007 жылдың ақпан айында Білім және ғылым министрлігі жанынан техникалық және кәсіптік білім беру департаменті құрылды. Үкіметтің қолдауымен осы саланы дағдарыстан шығарудың бірінші кезекті іс-шаралар жоспары бекітілді. Мәселен, 2009 жылы 24 техникалық және кәсіптік оқу орны Ұлыбритандық колледждермен, оның ішінде Кембридж аймақтық колледжімен ынтымақтастық жөнінде 14 колледж келісімге қол қойды. ҚР Білім және ғылым министрі «UCPMI» (Франция) Консорт Консалтинг тобымен және GEMCO INTERNATIONAL BV компаниясымен және FONTYS (Голландия) қолданбалы ғылымдар университетімен екі ынтымақтастық ниет білдіру хаттамасына қол қойды. 2009 жылы 866 техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында 610 498 студент білім алған. Кадрлар даярлауды ынталандыру және қазіргі заманға сай оқу орындары мен кадрлар даярлау орталықтарын дамыту мақсатында ҚР БҒМ-мен, әкімдіктермен, облыстармен, ірі компаниялардың арасында техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылған. Осындай беделді ұйымдармен ынтымақтастық қазақстандық білім беру қызметінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін үздік халықаралық бағдарламаларды енгізу, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен тікелей байланыстарды орнату, атақты шетелдік сарапшылар мен оқытушыларды тарту жөніндегі маңызды білім беру жобаларын іске асыруға мүмкіндік береді [2.].

Қазіргі таңда елімізде техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарға деген сұраныс күн санап артуда. Аталған мамандарды даярлау, жұмыспен қамту мәселелері 2009 жылы Үкіметтің қаулысымен қабылданған «Жол картасы» бағдарламасында егжей-тегжейлі көрініс тапты. Бұл қазіргі кезде оң нәтижесін беріп те жатыр.

Елімізде кеңестік кезеңде жоғары оқу орындарының жүйесінде ағарту, өнеркәсіп пен құрылыс, ауыл шаруашылығы салалық топтары жетекші орын алды. Бұл орынды да еді. Өйткені Қазақстанның экономикалық өмірінде ауыр индустрия мен аграрлық сектор зор маңызға ие болып қала берді. Ал жастарға толық орта білім беру кеңестік мәдени саясаттың басты буыны болып есептелді. 1990 жылы республика жоғары оқу орындарының 76% аталған үш салалақ топтан тұрды. Студенттердің басым бөлігі өнеркәсіп пен құрылыс, ауыл шаруашылығы, ағарту мамандықтарын оқыды. Айталық, 1990 жылы Қазақстан студенттерінің 39,7% педагогикалық институттарда оқитындар құраса, 28,6% өнеркәсіп пен құрылыс мамандықтарын, 13,7% ауыл шаруашылығы мамандықтарын таңдаған екен [1, 262

б.] Қазақстан экономикасының дамуындағы қалыптасқан тенденциялар азаматтардың жалпы жоғары білім алуына да теріс әсерін тигізді. Өнеркәсіп тарапынан жаңа технологиялар мен жаңа машиналарға деген сұраныстың болмауынан дағдарыс жылдары машина жасау, робот техникасы, жаңа материалдар жасау бағыттарының даму мүмкіндігі пайдаланылмай қалды. Қазақстан үшін білікті мамандар даярлау саясаты облыс орталықтарында педагогикалық институттарды ашумен шектеліп жатқан шақта, ғылым мен техника үлгілерін өндіріске ендіретін мамандар назардан тыс қалды. Мәдениет пен өнер, әскери және дипломатиялық мамандар дайындау жағыда кенже қалды. Осындай олқылықтардың орнын толтыру мақсатында, яғни жоғары білім беруді одан әрі жетілдіру мамандар мен ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлаудың аймақтық университет жүйесін дамыту мақсатында республика Министрлер кабинеті 1994 жылға бөлінген қаражат шегінде жұмыс жасап тұрған институттар базасын университеттер етіп қайта құрды. Мәселен, С. Сейфуллин атындағы Ақмола педагогикалық институты – Ақмола университеті болып қайта құрылды. Сондай-ақ Х. Досмұхамедов атындағы Атырау педагогика институты – Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар педагогикалық институты – Павлодар мемлекеттік университеті, К. Ушинский атындағы Петропавл педагогика институты – Солтүстік Қазақстан университеті, І. Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогика институты – І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті болып қайта құрылды. Жоғары білімді мамандар мен ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлайтын осы 5 жаңа аймақтық университеттер құрылғаннан кейін республика толық университеттік жүйемен қамтылды. Елімізде халықаралық стандарттарға сай мамандарды даярлауда 1992 жылы негізі қаланған Қазақстан менеджмент, экономика және болжау (ҚМЭБИ) институты да айтарлықтай үлес қосты.

1993 жылдан бастап үкімет жеке меншік университеттер ашуға заң жүзінде рұқсат бергеннен кейін олардың саны артты. Өз кезегінде жеке меншік жоғары оқу орындары да мамандар даярлау ісіне тартылған болатын. Алайда, кейбір жеке меншік ЖОО-лардың материалдық техникалық базасы мен профессор-оқытушылар құрамы әлсіз болғандықтан толыққанды қоғам сұранысына жауап беретін мамандар даярлай алмай ақсап жатқан тұстары болғаны баршамызға белгілі. 1993 жылы 11 қарашада Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «Болашақ» халықаралық стипендиясы белгіленді. Оның негізгі мақсаты – қазақстандық жастарға, ғалымдарға, мемлекеттік қызметшілерге шетелдің ең үздік оқу орындарында білім алу мүмкіндігін ашу. 1994 жылы алғаш рет 187 қазақстандық студент АҚШ, Ұлыбритания, Германия және Франция елдерінің жоғары оқу орындарына аттанды. Кеңес одағы ыдырағаннан кейін мемлекеттер тарихында тұңғыш рет талантты жастардың мемлекет есебінен шетелдерден білім алуына мүмкіндік туды. Сондай-ақ, әлемнің жетекші оқу орындарына Шет тілдер институты түлектері көптеп аттанды. Шет тілін жақсы меңгерген мамандардың байқаудан өтуі де, стипендия туралы ақпарат алуы дабасқа ЖОО түлектеріне қарағанда оңайырақ болды. Егер 2004 жылы 785 студенттің әлемнің 13 елінде білім алуға мүмкіндігі болса, 2005 жылдан мемлекеттік стипендия саны 3000-ға көбейтілді және әлемнің 32 еліндегі 630 алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында білім алуға қол жеткізді [1, 268-269 бб.].

Еліміз батыстың менеджмент пен стандартын өз салаларына енгізу мақсатында 2008 жылдан бастап стипендия арқылы магистр мен докторлық дәрежені алуға көбірек көңіл бөлініп келеді. Сонымен қатар 2009 жылдан бастап алғаш мемлекеттік тілден емтихан алу шарты енгізілді. Ауыл жастарының әлемнің алдыңғы қатарлы оқу орындарында білім алуы үшін "ауылдық квота" берілетін болды. «Квотаның» басты мәні – шет тілін білу деңгейіне қойылатын талап жеңілдетілген, оған қоса техникалық мамандық иелерін тіл үйрену курстарына жіберу мүмкіндігі қарастырылған. «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасының түлектері мемлекеттік қызметте, білім және денсаулық сақтау жүйесінде, ұлттық

компанияларда қызмет етуде. 2010 жылға дейін бағдарлама шеңберінде 6500 түлек стипендияның иегері атанды [3, 59 б.].

Бағдарламаның пайда болуына уақыт талабы септігін тигізді. 1990 жылдары еліміздің алдында мемлекетті жаңа экономикалық және саяси деңгейге көтеруге қабілетті кәсіби жас кадрларды даярлау мәселесі тұрды. Қазір Қазақстан экономикасы үшін ерекше маңызды бағыттар бойынша кадрлар даярлауға зор көңіл бөлінуде. 2005 жылдан бастап «Болашақ» стипендиясын тағайындауда қажетті мамандарды таңдауға қатаң талаптар қойылуда. Олардың ең негізгілері болып мыналар табылады. Атап айтқанда, ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялық жүйелер, мемлекеттік басқару, медицина және денсаулық сақтау, қаржы, экономика, инновациялық менеджмент, машина жасау, мұнай және газ саласындағы инженерлік ғылымдар және басқалары. Ал 2011 жылы техникалық және медициналық мамандықтарға, сондай-ақ магистрлік, докторлық бағдарламалар бойынша оқытуға және ғылыми тағылымдамаларға басымдық берілді. 2011-2015 жылдарға арналған «Болашақ» бағдарламасын дамытудың стратегиясы әзірленді. Аталған стратегияда профессор-оқытушылар құрамына басты назар аударылған [4, 63-64 бб.].

2011 жылдан бастап «Болашақ» бағдарламасы арқылы бакалаврлар дайындау ісі тоқтатылды. «Болашақ» ендігі кезекте жоғары оқу орынан кейінгі оқу сатыларын жүзеге асыру ісіне басымдық беретін болды. Яғни магистрлар мен доктор PhD даярлау ісіне назар аударылады. Ендігі кезекте мемлекеттік қызметкерлерге, ғылыми-зерттеу және білім беру ұйымдарының ғылыми және педагогикалық қызметкерлеріне арнайы квота бөлінеді. Олар елімізге ең қажетті мамандықтар бойынша шетелдерге барып өз білімдерін шыңдайтын болады. «Болашақ» бағдарламасы аясында бакалаврларды дайындауды тоқтату, елімізде «Назарбаев университетінің» құрылуымен байланысты болды [5]. Өз кезегінде «Болашақ» бағдарламасы заманауи талаптарға сай мамандарды дайындауда алғы шепке шықты. Н.Ә. Назарбаев аталған бағдарлама туралы өз ойын: «Болашақ» бағдарламасы инновациялық білім берудің қазақстандық моделін жүзеге асырудың алғашқы шешуші тетігіне айналды» - деп білдірген болатын [6]

2009 жылы елімізде әлемдік жетекші жоғары оқу орындарының үлгісінде салынған «Назарбаев Университетінің» ашылуы Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесінің әлемдік стандарттан еш кем еместігін көрсетсе керек. Бүгінгі таңда аталған университет қабырғасында еліміздің үздік студенттері білімдерін шыңдап, ғылыми жаңалықтар ашуда. Қазіргі таңда университетте бір жарым мыңнан астам студент білім алуда. Мұнда 70 шақты ғылыми-техникалық жобажүзеге асырылып жатса, жыл соңына дейін олардың саны 100-ге дейін өсу жоспарланып отыр. Президент Н.Ә. Назарбаев аталмыш университетте оқыған дәрісінде (2012 ж., 6 қыркүйек): «Назарбаев Университеті интеллектуалдық-инновациялық кластерболуға тиіс. ...Сендер Қазақстанның өз ғылымы мен технологиясын, өзіндік ұстанымын жасайтын ғылым иесі болуларың керек. Кез келген кәсіп иесі өз шаруасын тың тәсілмен, жаңа әдіспен істеуге ұмтылса ғана ешкім жетпеген табысқа жете алады. Өзгелер салған сүрлеуге түсіп, бөтен іздің шаңын жұту Қазақстан жастарының таңдауы емес» - деп университеттің алдағы миссиясын анықтай отырып, жастарға үлкен жауапкершілік жүктеген еді.

Жоғарыда айтылған ойларды қорытындылай келе, тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінен бастап Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жастардың заман талабына сай білім алуына жағдай жасай отырып, сол бағытта қыруар жұмыстарды еңсергенін көреміз. Дағдарысты жағдайда тәуелсіздік алған елімізді әлемнің дамыған мемлекеттерінің қатарына қосу стратегиясы, заманауи біліммен қаруланған жас кадрлардың арқасында ғана іске асатыны түсінікті еді.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы: Жоғары оқу орындарының тарихшы емес мамандықтарына арналған оқулық / Б.Ғ. Аяғанның жалпы редакциясымен. – Алматы: Раритет, 2010. – 448 б.

2 Ж. Түймебаев. Ұлттық кадрларды дайындау басты мақсатымыз // Түркістан. – 2009. – 19 наурыз. №11 (765).

3 Сүлейменова Г.К., Бейсембаев А.А. Қазақстан Республикасы еңбек нарығындағы «Болашақ» бағдарламасы түлектерінің әлеуеті // Евразийское сообщество. – 2010. № 3 (71), 59-62 бб.

4 Саясат Н. «Интеллектуалды ұлт - 2020» жаңа ұлттық жобасы әрекет үстінде // Дипломатия жаршысы. - 2011. - 4 (31), 63-64 бб.

5 Саясат Н. «Болашақ» мақсатты бағдарламаларға бет бұрды // Егемен Қазақстан. 2011. – 17 маусым, №256-257 (26655).

6 Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан білім қоғамы жолында // Егемен Қазақстан. – 2012. – 6 қыркүйек. - №588-599 (27662).

Н. НАЗАРБАЕВ – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Жарылқасын Б.Ә.

Ғылыми жетекшісі: PhD доктор, Серубаева А.Т.
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
serubaeva_aurika@mail.ru

Ұлттық мәселені шешу кез-келген мемлекетте қай кезде болмасын саясаттың ең негізгі басым бағыттарының бірі болған. Біздің елдегі ұлтаралық саясат көпәтносты Қазақстан халқына арналған конституциялық-құқықтық базаны жасаудан бастау алады. 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Конституцияда еліміздегі этносаралық келісімді сақтау мен дамытуға бағытталған бірқатар баптар орын алған. Ұлтаралық қатынастар мәселесін мемлекетті демократиялық, зайырлы, құқықтық деп жариялаумен шешу жеткіліксіз. Соңғы уақыттары Еуропа және Азия мемлекеттерінде орын алып жатқан этносаралық шиеленістер, тіпті этносаралық мәселелер өз шешімін тауып қойды деген мемлекеттердің өзінде де көрініс беріп отыр. Олар мемлекеттік дамудың кез-келген сатысында өмір сүреді. Ұлтаралық қатынас тұрақты әрі берік болуы үшін елде барлық этностардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға негізделіп жасалған құқықтық базасы бар және де сол құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыратын нәтижелі жұмыс жасайтын институттары бар мемлекетте ғана өз шешімін табады деген аксима бүгін өмір шындығына айналған [1, 111 б.].

Осындай институтты құру туралы идеяны алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бір жылдығына арналған Қазақстан халықтарының бірінші форумында Президент Н.Ә. Назарбаев ұсынған болатын. Қазақстан халықтарының Ассамблеясын құру туралы идея форумға қатысушылар арасынан белсенді қолдау тапты. Нәтижесінде Ассамблеяны құру бағытында үлкен дайындық жұмысы басталды.

1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің № 2066 Жарлығымен қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты нығайту мақсатында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативтік кеңесші орган - Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды. Қазақстан халықтары Ассамблеяның (бұдан әрі ҚХА - автор) құрылуын әсіресе этникалық азшылықтар зор қуанышпен қарсы алды. ҚХА-ның жаңадан құрылған кезеңіндегі атқарған жұмысының ең негізгісін Қазақстан Республикасының